

Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу және сату қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 2 наурыздағы № 164 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 9 сәуірде № 10662 тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 29.08.2023 № 324 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); орыс тіліндегі тақырыбына өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі тақырыбы өзгермейді – ҚР Энергетика министрінің 22.07.2024 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 369) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 22.07.2024 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу және сату қағидаларын бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 29.08.2023 № 324 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Жаңартылатын энергия көздері департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен :

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықты мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруын;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі

В. Школьник

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

Е. Досаев _____

2015 жылғы 6 наурыз

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2015 жылғы 2 наурыздағы
№ 164 бұйрығымен
бекітілген

Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу және сату қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 29.08.2023 № 324 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); орыс тіліндегі тақырыбына өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі тақырыбы өзгермейді – ҚР Энергетика министрінің 22.07.2024 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу және сату қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19

қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің (бұдан әрі – Ереже) 15-тармағының 369) тармақшасына сәйкес әзірленді және электр энергиясын бірыңғай сатып алушының және қаржы-есеп айырысу орталығының жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу және электр энергиясын тікелей тұтынушыларға, өнеркәсіптік кешендерге және басым тұтынушыларға орталықтандырылған сатуы тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 22.07.2024 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар мен анықтамалар қолданылады:

1) аукциондық баға – жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектісі, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектісі өндіретін электр энергиясын электр энергиясын бірыңғай сатып алушының сатып алуына арналған, аукциондық сауда-саттық қорытындысы бойынша айқындалған және тиісті шекті аукциондық баға деңгейінен аспайтын баға;

2) аукциондық сауда-саттық – аукциондық сауда-саттықты ұйымдастырушы аукцион негізінде электрондық жүйеде ұйымдастыратын және өткізетін және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін орналастыру жоспарын ескере отырып, осы жаңа объектілерді, оның ішінде электр энергиясын жинақтау жүйелерімен жарақталған объектілерді, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратудың жаңа объектілерін салу жөніндегі жобаларды іріктеуге және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндіретін электр энергиясының аукциондық бағаларын айқындауға бағытталған процесс;

3) басым тұтынушылар – құрамына тікелей тұтынушылар және (немесе) өнеркәсіптік кешендер, электр энергиясын өндіру үшін қазба отындарын пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар кіретін тұлға немесе тұлғалар тобы және (немесе) өндіріп шығарған электр энергиясын осы тұлға немесе тұлғалар тобы толық көлемде тұтынатын не электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға орталықтандырылған сауда-саттықта өткізетін, жұмыс істеп тұрған (2018 жылғы 1 қаңтардан кейін пайдалануға берілген және уәкілетті орган жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар тізбесіне енгізбеген) жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін және (немесе) жұмыс істеп тұрған (2021 жылғы 1 қаңтардан кейін, оның ішінде алдағы жеті жылдық кезеңге арналған электр энергиясы мен қуатының бекітілген болжамды балансында есепке алынбаған, істен шыққан

электр қуаттарын реконструкциялаудан кейін пайдалануға берілген) қайталама энергетикалық ресурстарды пайдалану объектілерін меншік құқығымен немесе өзге де заңды негізде иеленетін энергия өндіруші ұйымдар;

4) гибриді топ – электр энергиясын өндіру кезінде жаңартылатын энергия көздерін (бұдан әрі – ЖЭК) пайдаланудың жиынтық үлесі кемінде жиырма бес пайыз болатын, бір энергия торабында орналасқан және уәкілетті орган бекіткен тәртіппен гибриді топтар тізбесіне енгізілген электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тобы;

5) гибриді топтың әкімшісі – гибриді топқа кіретін энергия өндіруші ұйымдардан электр энергиясын осы гибриді топ ішінде және (немесе) электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында кейінен тұтынушыларға өткізу (сату) мақсатында сатып алуды (сатып алуды) жүзеге асыратын, гибриді топқа кіретін, сондай-ақ гибриді топқа кіретін энергия өндіруші ұйымдар мен электр энергиясын тұтынушылар үшін теңгерім провайдері болып табылатын заңды тұлға;

6) гибриді топ тұтынушысы – электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі болып табылатын және гибриді топтардың тізбесіне енгізілген тұтынушы;

7) есепті кезең – тиісті айдың бірінші күні сағат 00.00-ден басталатын және тиісті айдың соңғы күні 24.00-де аяқталатын, оның нәтижесінде электр энергиясының сатып алу-сату көлемінің есептеулері жүргізілетін күнтізбелік ай;

8) жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы (бұдан әрі – қаржы-есеп айырысу орталығы) – уәкілетті орган айқындаған, осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін қолданыста болған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілер және қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектілер өндіретін электр энергиясын сатып алу-сату шарттарының тарапы болып табылатын заңды тұлға;

9) жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйым (бұдан әрі – Субъект) – нетто-тұтынушыларды қоспағанда, ЖЭК пайдалана отырып, электр және (немесе) жылу энергиясын өндіруді жүзеге асыратын заңды тұлға;

10) жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектісі (бұдан әрі – ЖЭК пайдалану объектісі) – ЖЭК пайдалана отырып электр энергиясын өндіруге арналған техникалық құрылғылар және ЖЭК пайдалану объектісін пайдалану үшін технологиялық тұрғыдан қажетті және ЖЭК пайдалану объектісі меншік иесінің балансындағы, олармен өзара байланысты құрылысжайлар мен инфрақұрылым;

11) жасыл тариф – уәкілетті орган бекіткен ЖЭК қолдауға арналған тарифті айқындау қағидаларына сәйкес электр энергиясын бірыңғай сатып алушы белгілейтін ЖЭК пайдалану объектілері өндіретін электр энергиясын бірыңғай сатып алушының сатуына арналған тариф;

12) жасыл энергияны тұтынушы – электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес

айқындалатын жасыл тарифтер бойынша ЖЭК пайдалану объектілері өндіретін электр энергиясын сатып алатын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі;

13) Қазақстан Республикасы электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын өндірудің-тұтынудың нақты теңгерімі (бұдан әрі - нақты теңгерім) – жүйелік оператор жасаған есепті кезең ішінде жеткізілген және тұтынылған электр энергиясының көлемдерін көрсететін құжат;

14) қайталама энергетикалық ресурстар – электр энергиясын өндіру үшін пайдаланылатын ферроқорытпа, кокс және доменді газдарды пайдалану бөлігінде өнеркәсіптік өндіріс процесінде жанама өнім ретінде түзілетін энергетикалық ресурстар ;

15) қайталама энергетикалық ресурстарды пайдаланатын энергия өндіруші ұйым – қайталама энергетикалық ресурстарды пайдалана отырып, электр энергиясын өндіруді жүзеге асыратын заңды тұлға;

16) қайталама энергетикалық ресурстарды пайдалану объектісі – қайталама энергетикалық ресурстарды пайдалана отырып, электр энергиясын өндіруге арналған техникалық құрылғылар және олармен өзара байланысты, қайталама энергетикалық ресурстарды пайдалану объектісін пайдалану үшін технологиялық жағынан қажетті және қайталама энергетикалық ресурстарды пайдалану объектісі меншік иесінің балансындағы құрылысжайлар мен инфрақұрылым;

17) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектісі – қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуға арналған техникалық құрылғылар мен қондырғылардың және олармен өзара байланысты қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуға технологиялық тұрғыдан қажетті құрылысжайлар мен инфрақұрылымның жиынтығы;

18) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйым (бұдан әрі – ҚЭКЖ субъектісі) – Заңға және Қазақстан Республикасының экология заңнамасына сәйкес қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратудан алынатын энергияны өндіруді жүзеге асыратын заңды тұлға;

19) коммерциялық есепке алу аспабы – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қолдануға рұқсат етілген электр қуатын, электр немесе жылу энергиясын коммерциялық есепке алуға арналған техникалық құрылғы;

20) өнеркәсіптік кешен – өздерінің құрамындағы меншік, жалға алу немесе өзге де заттық құқықтағы генерациялайтын көздерден электр энергиясымен қамтамасыз етілетін көтерме тұтынушылар;

21) сатып алу шарты – электр энергиясын бірыңғай сатып алушы немесе қаржы-есеп айырысу орталығы мен Субъект немесе ҚЭКЖ Субъектісі арасында жасалған электр энергиясын сатып алудың ұзақ мерзімді шарт;

22) теңгерімдеуші нарық жүйесі - электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің сатып алуға арналған өтінімдерді және сатуға арналған өтінімдерді

беруге арналған аппараттық-бағдарламалық кешен, электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесін қалыптастыру, цифрлық майнерлер үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығының көлемін айқындау, энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығының көлемін айқындау, жүйелік оператормен келісілген бекітілген тәуліктік кестеге түзетулер енгізу, электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің электр энергиясын өндіру-тұтынудың нақты мәндерін қалыптастыру, электр энергиясының сағаттық теңгерімсіздіктерін есептеу, электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын сатып алу-сатудың сағаттық бағаларын есептеу, сондай-ақ теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алудың (сатудың) және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алудың (сатудың) сағаттық бағалары;

23) тікелей тұтынушылар - жасалған екі жақты шарттарға сәйкес өздерімен бір тұлғалар тобына кіретін энергия өндіруші ұйымдардан электр энергиясымен қамтамасыз етілетін көтерме сауда тұтынушылары;

24) тіркелген тариф – ЖЭК пайдалану объектілері өндірген электр энергиясын осы Заңда белгіленген тәртіппен қаржы-есеп айырысу орталығының сатып алуына арналған тариф;

25) уәкілетті орган – ЖЭК пайдалануды қолдау саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

26) шартты тұтынушы – өзімен бірге бір тұлғалар тобына кіретін энергия өндіруші ұйымдардан электр энергиясын сатып алатын көтерме тұтынушы, Заңға сәйкес айқындалатын өнеркәсіптік кешен және басым тұтынушы;

27) электр энергиясын бірыңғай сатып алушы – "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 32-1) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган айқындайтын, көрсетілген Заңда көзделген тәртіппен электр энергиясының жоспарлы көлемдерін орталықтандырылған сатып алуды және орталықтандырылған сатуды жүзеге асыратын, мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлға;

28) электр энергиясын жинақтау жүйесі – электр энергиясын жинақтауға, сақтауға және беруге арналған автоматтандырылған басқару жүйесі бар техникалық құрылғы және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны пайдалану үшін технологиялық тұрғыдан қажетті, онымен өзара байланысты құрылысжайлар мен инфрақұрылым.

Осы Қағидаларда пайдаланылған өзге де ұғымдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 29.11.2024 № 433 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Осы Қағидалардың талаптары мыналарға қолданылмайды:

1) пайдалану мерзімі ЖЭК пайдалануды қолдау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган 2013 жылдың 21 шілдесіне дейін бекіткен және онымен келісілген ЖЭК пайдалану жөніндегі объектінің құрылысы жобасының техникалық-экономикалық негіздемесінде белгіленген өзін-өзі ақтау мерзімінен асып кеткен, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері бар энергия өндіруші ұйымдарға;

2) 2016 жылғы 1 қаңтардан кейін пайдалануға енгізілген гидроэлектр станцияларды есепке алмағанда, жиынтық қуаты отыз бес мегаваттан асатын, бір гидроторапта орналасқан қондырғылары бар және (немесе) реттеудің тәуліктік көлемінен астамын қамтамасыз ететін су қоймалары бар гидроэлектр станциялары.

Гидроэлектр станциясының су қоймасының сыйымдылығы су қоймасына құйылатын өзен ағысының есептік қамтамасыз етілуінің тәуліктік көлемінен асып түскен кезде, ол реттеудің тәуліктік көлемінен астам көлемді қамтамасыз етеді деп есептеледі.

4. Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар және электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен жасалған электр энергиясын ұзақ мерзімді сатып алу-сату шарты бар, жүйелік оператор қалыптастыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізілген қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар (бұдан әрі – жаңартылатын көздер) электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен жауапкершілікті беру шартын жасасуға міндетті.

Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында өзінің теңгерімсіздіктері жоқ және жасалған сатып алу шарты бар ЖЭК пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардан теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату үшін жауапкершілікті өзіне ала отырып, осы нарыққа теңгерім провайдері ретінде ғана қатысады.

5. Басым тұтынушының құрамына кіретін энергия өндіруші ұйымдарды қоса алғанда, жүйелік оператор қалыптастыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізілген, электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен немесе қаржы-есеп айырысу орталығымен жасалған сатып алу шарты бар ЖЭК, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын барлық энергия өндіруші ұйымдар өз объектісінде ЖЭК және қайталама энергетикалық ресурстарды пайдалану, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объекті бойынша коммерциялық есептің автоматтандырылған жүйесін пайдаланады. Коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесі арқылы деректер Жүйелік оператордың өңірлік диспетчерлік орталықтарына беріледі.

ЖЭК пайдалану жөніндегі объектілерде, электр энергиясын шоғырландыруға арналған құрылғылармен, дербес қоректендіру көздерімен, сондай-ақ резервтік қоректендіру электр желілерімен жарактандырылған қалдықтарды энергетикалық

кәдеге жарату жөніндегі объектіде электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесі осы құрылғылар жіберетін және (немесе) тұтынатын электр энергиясын коммерциялық есепке алуды қамтамасыз етеді.

ЖЭК пайдалану объектісінде техникалық құрылғыларды пайдаланған кезде ЖЭК пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар ЖЭК-тің әртүрлі түрлерін не техникалық құрылғыларды пайдалана отырып, электр энергиясын өндіруге арналған ЖЭК-тің бір түрін пайдаланудан электр энергиясын өндіруге арналған бірақ электр энергиясын бірыңғай сатып алушының немесе қаржы-есеп айырысу орталығының әртүрлі тіркелген тарифтер бойынша не аукциондық бағалар бойынша сатып алуына жататын, ЖЭК пайдалану жөніндегі объектіні өндірілген электр энергиясын бөлек есепке алуды қамтамасыз ететіндей коммерциялық есепке алу аспаптарымен жарақтандырады.

6. ЖЭК пайдалану объектісі, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектісі өндірген электр энергиясын сатып алу басталған күн Субъект немесе ҚЭКЖ Субъектісі ЖЭК пайдалану объектісі, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектісінің электр қондырғыларын кешенді сынау басталған күн болып табылады, бұл ретте электр энергиясы энергия беруші ұйымның электр желілеріне беріледі және коммерциялық есепке алу аспаптарымен тіркеледі.

6-1. Белгіленген қуаты 499 МВт-тан жоғары болатын жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерінің құрылыс жобалары бойынша аукциондық сауда жеңімпаздары электр энергиясын бірыңғай электр энергиясын сатып алушыға сатады, бұл ретте, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі тиісті объектінің белгіленген қуатының кемінде 30 %-ын құрайтын электр энергиясын жинақтау жүйелерін пайдалануға беру, сондай-ақ электр энергиясын жинақтау жүйелерінің автоматты жиілік пен қуат ағындарын реттеу жүйесінің (бұдан әрі – ЖҚАР) басқаруымен жұмыс істеуі шарт болып табылады.

ЖЭК пайдалану жөніндегі объектіні кезең-кезеңімен енгізу кезінде аукциондық сауда-саттықтардың жеңімпазы ЖЭК пайдалану жөніндегі параметрді кезең-кезеңмен енгізудің белгіленген көлемінің кемінде 30 % көлемінде электр энергиясын сақтау жүйесіне пропорционалды енгізуді қамтамасыз етеді.

Ескерту. 1-тарау 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 28.03.2025 № 141-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Субъект немесе ҚЭКЖ Субъектісі ЖЭК пайдалану объектісі, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектісі желісіне қосылған электр энергиясын бірыңғай сатып алушыны немесе қаржы-есеп айырысу орталығын және энергия беруші ұйымды ЖЭК пайдалану жөніндегі объектінің, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектінің электр қондырғыларына кешенді сынақ жүргізу күні туралы тиісті

сынақ жүргізу басталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жүргізіледі және айлар бойынша бөле отырып, ағымдағы жылдың соңына дейінгі кезеңге электр энергиясын өндірудің, желіге жіберудің болжамды көлемін ұсынады.

8. Сатып алу шартын жасасқан Субъект немесе ҚЭКЖ Субъектісі электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға немесе қаржы-есеп айырысу орталығына тұрақты түрде мынадай ақпаратты жібереді:

1) айларға бөле отырып, электр энергиясын өндіру, желілерге босатудың алдағы жылға арналған болжамды көлемі – жыл сайын бірінші қазанға қарай;

2) электр энергиясын желіге босатудың іс жүзіндегі айлық көлемі – есепті кезеңнен кейінгі айдың бесінші күнінен кешіктірілмей;

3) электр желілеріне ЖЭК-ті пайдалану объектісі мен қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектісі қосылған ЖЭК-ті пайдалану объектісі мен энергия беруші ұйым арасында қол қойылған, электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алу актісінің көшірмесі – есепті кезеңнен кейінгі айдың жетінші күнінен кешіктірілмей;

4) генерациялайтын жабдықты жоспарлы жөндеуге шығарған кезде жөндеу жұмыстарының мерзімдері мен сипаты – жөндеу жұмыстары басталғанға дейін бір апта бұрын;

5) авариялық бұзылу немесе құрылғылардың дұрыс жұмыс істемеуі, олардың зақымдануы немесе ЖЭК-ті пайдалану объектісінің немесе қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдалану объектісінің генерациялау көрсеткішіне әсер ететін нормаланған көрсеткіштерден параметрлердің ауытқуы кезінде электр энергиясының тәуліктік кестесінен мәжбүрлі ауытқу кезіндегі бұзушылықтар сипаты – тәулік ішінде.

9. Электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын операциялық тәуліктерге сату үшін сатып алу шартын жасасқан Субъектілер немесе ҚЭКЖ Субъектілері операциялық тәуліктің алдындағы тәуліктің сағат 08:00-ге дейін (Астана уақыты бойынша) ол өтінімді жүйелік оператор бекітетін электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесіне енгізу үшін теңгерімдеуші нарық жүйесінде операциялық тәуліктерге сатуға өтінім береді.

10. Сатып алу шартын жасасқан Субъектілер немесе ҚЭКЖ Субъектілері бірыңғай сатып алушыға кешенді сынақтар жүргізгенге дейін 5 (бес) жұмыс күні бұрын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің 18-разрядты сәйкестендіру кодтарын ұсынады.

11. Қаржы-есеп айырысу орталығы сатып алу шартын жасаған Субъектілерге немесе ҚЭКЖ Субъектілеріне энергия беруші ұйымның электр желісіне берілген электр энергиясы үшін Субъектілер немесе ҚЭКЖ Субъектілерінің тиісті шотының негізінде жеткізу айы аяқталған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң 15 (он) бес жұмыс күнінен кешіктірмей ақы төлейді.

Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы немесе қаржы-есеп айырысу орталығы ЖЭК пайдалану объектісінде коммерциялық есепке алу аспаптары болмаған немесе олар ақаулы болған кезеңде осы объектілер өндірген электр энергиясы үшін ақы төлемейді.

12. Сатып алу шартын жасасқан Субъекті немесе ҚЭКЖ Субъектісі электр энергиясын өндірудің тәуліктік кестелерінің сақталуын қамтамасыз етеді. ЖЭК пайдалану объектілерінен электр энергиясының теңгерімсіздігін қаржылық реттеуді Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 112 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10532 болып тіркелген) бекітілген Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының жұмыс істеу қағидаларына (бұдан әрі – Теңгерімдеуші нарық қағидалары) сәйкес электр энергиясын бірыңғай сатып алушы немесе қаржы-есеп айырысу орталығы жүзеге асырады.

13. Сатып алу шартын жасасқан Субъекті немесе ҚЭКЖ Субъектісі Теңгерімдеуші нарық қағидаларына сәйкес электр энергиясының теңгерімдеуші нарығына қатысады.

14. Сатып алу шартын жасасқан Субъекті немесе ҚЭКЖ Субъектісі тиісті қызметкерлер тиісті өтініш берушіде қолданылатын қауіпсіздік техникасына қойылатын талаптарды сақтаған жағдайда және ЖЭК-ті пайдалану объектісіне бару күні мен уақытын өтініш берушімен келіскен кезде электр энергиясын бірыңғай сатып алушының немесе қаржы-есеп айырысу орталығының, жүйелік оператордың және электр желілеріне ЖЭК-ті пайдалану объектісі қосылған энергия беруші ұйымның уәкілетті қызметкерлерінің коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алу және олардың қосылу схемасын тексеру үшін ЖЭК-ті пайдалану объектісіне және электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарына жұмыс уақытында кіруіне кедергі келтірмейді.

15. Сатып алу шартын жасасқан Субъектіге немесе ҚЭКЖ Субъектісіне:

1) сатып алу шартында көзделген генерациялайтын жабдықтың белгіленген жиынтық қуатын ұлғайту жолымен оған қатысты сатып алу шарты жасалған ЖЭК пайдалану объектісін, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектісін өзгертуге;

2) электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға немесе қаржы-есеп айырысу орталығына ЖЭК пайдаланудан немесе қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратудан өндірілмеген электр энергиясын сатуға;

3) электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға немесе қаржы-есеп айырысу орталығына электр энергиясын басқа сатып алу шарты бойынша сатуды қоспағанда, оған ЖЭК пайдалану объектісінде немесе қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектісінде өндірілмеген электр энергиясын сатуға жол берілмейді.

16. Пайдалануға берілген ЖЭК пайдалану объектісінің нақты параметрлері сатып алу шартында көрсетілген параметрлерден өзгеше болса, электр энергиясын бірыңғай сатып алушы немесе қаржы-есеп айырысу орталығы және Субъект ЖЭК-ті пайдалану

объектісін пайдалануға қабылдаудың бекітілген актісінің көшірмесі ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде ЖЭК-ті пайдалану объектісінің сипаттамасын нақты мән-жайларға сәйкес келтіру және уәкілетті органның интернет-ресурсында жарияланған ЖЭК-ті пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың тізбесіне тиісті өзгерістер енгізу үшін сатып алу шартына тиісті қосымша келісім жасайды.

17. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы немесе қаржы-есеп айырысу орталығы мен Субъект немесе ҚЭКЖ Субъектсі өзара есеп айырысуды жылына кемінде бір рет салыстырып тексеруді жүргізеді.

18. Сатып алу шартында көзделген жел электр станциясының генерациялайтын жабдығының (электр энергиясын өндіретін құрылғының) нақты жиынтық белгіленген қуаты асып кеткен кезде, Субъект сатып алу шартында көрсетілген жиынтық белгіленген қуаттың сәйкестігін қамтамасыз ету үшін ЖЭК пайдалану жөніндегі объектінің дара генерациялайтын қондырғысының (қажет болған кезде бірнеше дара генерациялайтын қондырғылардың) қуатын шектейді.

Бұл ретте, Субъект осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес шектеу белгіленген генерациялайтын қондырғылардың электр энергиясын сағаттық өндіру туралы деректерді диспетчерлік және технологиялық басқарудың автоматтандырылған жүйелері арқылы немесе электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесі арқылы жүйелік операторға беруді қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, жел электр станциясы генерациялайтын жабдығының нақты жиынтық белгіленген қуатын сатып алу шартында көрсетілген белгіленген қуаттан 10%-дан (он пайыз) артық ұлғайтуға жол берілмейді.

18-1. Электр энергиясын жинақтау жүйесімен жабдықталған жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі жаңа объектілерді салу жөніндегі жобаларды іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттықтың жеңімпаздары жобаның барлық өмірлік циклі және бірыңғай сатып алушы мен тиісті жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі жаңа объектілерді салу жобаларын іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттықтың жеңімпаздары арасында жасалған тиісті сатып алу-сату шартының қолданылу мерзімі ішінде берілген параметрлерде электр энергиясын жинақтау жүйелерінің қуатын, сыйымдылығын және басқа да параметрлерін, оның ішінде электр энергиясын электрохимиялық жинақтау жүйелерінің тозуын өтеуді ескере отырып қолдайды.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 3 желтоқсандағы № 686 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12489 болып тіркелген) Генерациялайтын қондырғылардың электр қуатына аттестаттауды өткізу қағидаларына сәйкес жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі жаңа объектіні салу жобасын іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттықтың жеңімпазы электр энергиясын жинақтау жүйесінің қуатын, сыйымдылығын және басқа параметрлерінің белгіленген параметрлерге сәйкестігін

растауды жүйелік оператор ЖҚАР жүйесі арқылы ай сайын өткізетін аттестациялаудан өту арқылы автоматтық режимде жүзеге асырады.

Электр энергиясын жинақтау жүйесінің талап етілетін параметрі расталмаған жағдайда, Теңгерімдеуші нарық қағидаларының 132-1-тармағында көзделген мәндерге мынадай өзгерістер енгізуді:

азайту және арттыру коэффициенттерін ұлғайтуды;

азайту және арттыру коэффициенттері 1-ге тең болатын шекті диапазонды азайтуды жүзеге асырады.

Ескерту. 1-тарау 18-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 28.03.2025 № 141-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 30.09.2025 № 367-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18-2. Электрохимиялық электр энергиясын жинақтау жүйелерімен жабдықталған жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі жаңа объектілерді салу жобаларын іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттықтың жеңімпаздары Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 247 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11066 болып тіркелген) бекітілген Электр станциялары мен желілерін техникалық пайдалану қағидаларының 957-8-тармағында регламенттелген электр энергиясын жинақтау жүйелерінің күнтізбелік жылында толық зарядтау (разрядтау) циклдары санының техникалық мүмкіндігін, соның ішінде электрохимиялық электр энергиясын жинақтау жүйелерінің тозуына төленетін өтемақыны ескере отырып, жоба өмірлік циклі мен электр энергиясының бірыңғай сатып алушысымен жасалған тиісті электр энергиясын сатып алу-сату шартының қолданылу мерзімі ішінде қамтамасыз етеді.

Бұл ретте күнтізбелік жыл ішінде толық зарядтау (разрядтау) циклдарының толық саны 440 (төрт жүз қырық) рет циклдан аспайды, ал тәулігіне толық цикл саны 2 (екі) циклдан аспайды.

Ескерту. 1-тарау 18-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 28.03.2025 № 141-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының электр энергиясын жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілерден аукциондық бағалар бойынша орталықтандырылған сатып алу тәртібі

19. Аукциондық сауда-саттық қорытындылары бойынша жеңімпаз болып танылған Субъект оны және оның ЖЭК пайдалану бойынша сәйкес объектісін салу жобасын

ЖЭК пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың тізбесіне қосқаннан бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күн ішінде электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес шарт жасауға өтінім (бұдан әрі – Өтінім) береді.

20. Субъект сатып алу шартын жасау өтініміне мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) құрылтай құжаттары;
- 2) сатып алу шартына қол қоятын тұлғаның өкілеттігін куәландыратын құжат;
- 3) электр энергиясының жоспарланған жеткізу көлемдері туралы ақпарат;

4) өткен аукциондық сауда-саттықтың қорытындысы туралы жазбаша хабарламаның көшірмесі.

21. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы алған кезден бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Өтінімді және ұсынылған құжаттарды қарайды. Субъект осы Қағидалардың 20-тармағында көзделген құжаттарды толық көлемде ұсынбаған немесе Өтінім осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес нысанға сәйкес келмеген кезде электр энергиясын бірыңғай сатып алушы олар келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қайтару себептерін көрсете отырып, Өтінімді қайтарады.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 29.11.2024 № 433 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Субъект өтінім қайтарылған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Өтінімді жетіспейтін құжаттармен толықтырады және/немесе Өтінімді және қоса берілген құжаттарды осы Қағидалардың және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келтіру мақсатында бірыңғай сатып алушының ескертулерін жояды.

23. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы Субъектімен мынадай талаптарды орындау кезінде:

- 1) Субъект осы Қағидалардың 20-тармағында көзделген құжаттарды ұсынса;
- 2) ЖЭК пайдалану объектісі және Субъект Тізбеге енгізілген;
- 3) электр энергиясын бірыңғай сатып алушы немесе қаржы-есеп айырысу орталығы мен Субъект арасында Өтінімде көрсетілген ЖЭК пайдалану жөніндегі объектіде өндірілген қолданыстағы сатып алу шарты жоқ;

4) Субъект Заңның 9-бабының 1-тармағына сәйкес өндірілетін электр энергиясын өткізуді таңдайды;

5) Субъект Өтінімді қайтару кезінде осы Қағидалардың 19, 20 және 22-тармақтарының талаптарын орындаса;

6) Субъект Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 21 желтоқсандағы № 466 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16240 болып тіркелген) бекітілген Аукционға қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын, өтінімнің мазмұнын және оны беру тәртібін, аукционға қатысуға арналған өтінімді қаржылық қамтамасыз ету түрлерін және оларды

енгізу мен қайтару шарттарын, қорытынды шығару және жеңімпаздарды анықтау тәртібін қамтитын аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларының 58-1-тармағына сәйкес электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен сатып алу-сату шартын жасасты және төлем жасаған кезде сатып алу шартын жасады.

Ескерту. 23-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 29.11.2024 № 433 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Сатып алу шарты Ереженің 15-тармағының 369) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекітетін сатып алу шартының үлгілік нысанына сәйкес ресімделеді. Сатып алу шартында аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарының тізіліміне сәйкес Субъект үшін аукциондық бағасы көрсетіледі. Сатып алу шартында көрсетілген аукциондық баға 20 (жиырма) жыл ішінде жыл сайын индекстеле отырып, энергия беруші ұйымның электр желілеріне электр энергиясы берілген электр станцияларының электр қондырғыларын кешенді сынақтан өткізу басталған күннен бастап уәкілетті орган Заңның 6-бабы 73) тармақшасын сәйкес бекіткен Тіркелген тарифтерді және шекті аукциондық бағалардың тарифтерін айқындау қағидаларына сәйкес қолданылады.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 29.11.2024 № 433 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы осы Қағидалардың 20-тармағында көзделген электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен сатып алу шартын жасасу үшін қажетті құжаттар келіп түскен күннен бастап 60 (алпыс) жұмыс күні ішінде сатып алу шарты жобасының екі данасын Субъектіге Өтінімде көрсетілген мекенжай бойынша жібереді немесе Субъектінің уәкілетті өкіліне электр энергиясын бірыңғай сатып алушының орналасқан жері бойынша қолма-қол береді.

25-1. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы аукциондық сауда-саттықтың жеңімпазын осы Қағидалардың 19-тармағында белгіленген мерзім аяқталғанға дейін 5 (бес) жұмыс күні бұрын өтінім беру қажеттігі туралы хабардар етеді.

Ескерту. 2-тарау 25-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 28.03.2025 № 141-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Субъект электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан сатып алу шартының екі данасын алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде оларға қол қояды және электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға жібереді.

27. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы Субъект қол қойған сатып алу шартының екі данасын алған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде оларға қол қояды және Өтінімде көрсетілген мекенжай бойынша сатып алу шартының

қол қойылған бір данасын Субъектіге жібереді немесе электр энергиясын бірыңғай сатып алушының орналасқан жері бойынша Субъектінің уәкілетті өкіліне қолма-қол береді.

Ескерту. 27-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 29.11.2024 № 433 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Сатып алу шарты талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз етуді Субъекті сатып алу шартына қол қойған соң күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 қаңтардағы № 21 қаулысымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14915 болып тіркелген) Банк кепілдіктері мен кепілгерлігін беру қағидаларына (бұдан әрі - Беру қағидалары) сәйкес ресімделген банк кепілдігін немесе SWIFT жүйесі бойынша шығарылған резервтік аккредитивті беру арқылы ұсынады.

Банк кепілдігі немесе резервтік аккредитивті Субъект шетелдік валютадағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі Standard&Poor's бойынша "B" немесе Fitch бойынша "B-" немесе Moody's Investors Service бойынша "B3"-тен төмен болмайтын немесе бас ұйымның (Қазақстан Республикасының резидент банкі акцияларының 50% астамына ие) рейтингі Standard&Poor's бойынша "BBB" немесе Fitch бойынша "BBB" немесе Moody's Investors Service бойынша "Baa2" деңгейінен төмен емес Қазақстан Республикасы резидент банктерінен ұсынады.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының резиденті емес банктерден банк кепілдігін немесе резервтік аккредитивті резидент банктер резидент емес банктердің контр-міндеттемелеріне кепілдеме шығару жолымен растауы тиіс.

Standard & Poor's, "BBB" Fitch "Baa2" бойынша Moody's Investorservice бойынша "BBB"-тен төмен емес шетел валютасындағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі, Қазақстан Республикасының резидент емес-банктері, тиісті қарсы міндеттемелерді шығарусыз банк кепілдігі немесе резервтік аккредитив шығаруы мүмкін.

28-1. Бірыңғай сатып алушымен электр энергиясын сатып алу шартын жасасуға арналған өтінімде көрсетілген тұрмыстық қатты қалдықтар полигондарында биогаз электр станцияларын салу бойынша жобаларды іріктеу жөніндегі аукциондық сауда-саттық жеңімпазының шешімі негізінде оған осы Қағидалардың 29-тармағының екінші бөлігіне сәйкес тұрмыстық қатты қалдықтар полигондарында барлау жұмыстарын жүргізуге қаржылық қамтамасыз ету берілген жағдайда, барлау жұмыстарын жүргізуге сатып алу шарты жасалған күннен бастап бір жыл мерзім беріледі.

Бұл ретте, осы Қағидалардың 29-тармағының бірінші бөлігіне сәйкес осы тармақтың 1-бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде сатып алу шарты талаптарының

орындалуын қаржылық қамтамасыз ету берілген кезде осы тармақтың 1-бөлігінде көрсетілген қаржылық қамтамасыз ету қайтарылады.

Осы Қағидалардың 29-тармағының бірінші бөлігіне сәйкес сатып алу шарты талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз ету берілмеген кезде осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген қаржылық қамтамасыз ету осы Қағидалардың 31-тармағында белгіленген тәртіппен ұсталып қалады.

Ескерту. Қағидалар 28-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 23.09.2024 № 335 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28-2. Осы Қағидалардың 28-1-тармағына сәйкес тұрмыстық қатты қалдықтар полигондарында барлау жұмыстарын жүзеге асыратын субъект шартқа қол қойылған күнінен бастап, 1 жылдан кешіктірмей осы Қағидалардың 29-тармағының бірінші бөлігіне сәйкес электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға сатып алу шарты талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз етуді ұсынады.

Ескерту. Қағидалар 28-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 23.09.2024 № 335 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Сатып алу шарты талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз ету мөлшері Аукциондық сауда-саттық жеңімпаздары тізілімінде көрсетілген ЖЭК объектісінің белгіленген қуатына көбейтілген белгіленген қуаттың 1 (бір) кВт үшін 10 000 (он мың) теңгені құрайды.

Бұл ретте, осы Қағидалардың 28-1-тармағына сәйкес тұрмыстық қатты қалдықтар полигондарында барлау жұмыстарын жүргізуге арналған қаржылық қамтамасыз ету мөлшері Аукциондық сауда-саттық жеңімпаздары тізілімінде көрсетілген ЖЭК объектісінің белгіленген қуатына көбейтілген белгіленген қуаттың 1 (бір) кВт үшін 2 000 (екі мың) теңгені құрайды.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 23.09.2024 № 335 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Банк кепілдігі немесе резервтік аккредитив сатып алу шартына қол қойылған күнінен бастап :

белгіленген қуаты 499 МВт-қа дейінгі күн электр станциялары үшін – 25 (жиырма бес) айдан кем емес;

белгіленген қуаты 499 МВт-тан жоғары болатын күн электр станциялары үшін – 37 (отыз жеті) айдан кем емес;

белгіленген қуаты 499 МВт-қа дейінгі жел станциялары үшін – 37 (отыз жеті) айдан кем емес;

белгіленген қуаты 499 МВт-тан жоғары болатын жел станциялары үшін —49 (қырық тоғыз) айдан кем емес;

биогаз электр станциялары үшін – 37 (отыз жеті) айдан кем емес;

гидроэлектр станциялары үшін – 61 (алпыс бір) айдан кем емес қолданылу мерзімімен алушының (бенефициардың) нұсқамасы бойынша толық немесе бөлшектеп орындау мүмкіндігін көздейтін, қайтарып алынбайтын болып табылады.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 30.09.2025 № 367 -н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Банктік кепілдік немесе резервтік аккредитив қаржы-есеп айырысу орталығы мына төмендегі құжаттарды ұсынған жағдайда банк тарапынан орындалады:

1) қаржы-есеп айырысу орталығының уәкілетті тұлғасы қол қойған және қаржы-есеп айырысу орталығының мөрімен куәландырылған, қағазда орындалған борышкердің міндеттемелерін орындамауы туралы өтініш;

2) сатып алу шартына сәйкес ұстап қалу сомасы көрсетілген төлем жасау туралы талап.

32. Барлық банктік комиссиялар мен қаржылық қамтамасыз етуге байланысты, оның ішінде алушы банктің (бенефициар) шығындарын да аукциондық сауда-саттықтың жеңімпазы (Субъект) төлейді.

33. Сатып алу туралы шарттың талаптарын немесе оның бір бөлігін орындауды қаржылық қамтамасыз етуді қайтару ЖЭК пайдалану объектісін уақтылы пайдалануға берген кезде, жазбаша өтініш берген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

34. Сатып алу шартының талаптарын орындауды қаржылық қамтамасыз ету осы Қағидалардың 31-тармағымен белгіленген тәртіпте мынадай жағдайларда ұсталып қалады:

1) егер сатып алу туралы шартқа қол қойылған күннен бастап 12 (он екі) ай (күн электр станциялары үшін), 18 (он сегіз) ай (жел және биогазды электр станциялары үшін), 24 (жиырма төрт) ай (гидроэлектр станциялары үшін) өткен соң 6 (алты) ай ішінде сатып алу шарты жасалған ЖЭК пайдалану объектісінде құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастау туралы мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асыратын мемлекеттік органға жіберілген хабарламаның көшірмесі ұсынылмаса – сатып алу шартының талаптарын орындауды қаржылық қамтамасыз ету сомасының 30% (отыз пайыз) мөлшерінде;

2) сатып алу шарты жасалатын "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Сәулет қызметі туралы заң) 11-тарауына сәйкес бекітілген ЖЭК пайдалану бойынша объектіні пайдалануға қабылдау актісінің көшірмесі ұсынылмаған кезде – сатып алу шартының талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз ету сомасының 100% (

жүз пайыз) мөлшерінде, ал осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес сатып алу шартының талаптарын орындауды қаржылық қамтамасыз етудің бір бөлігін ұстап қалу кезінде – сатып алу шартына қол қойылған күнінен бастап мынадай мерзімдерде сатып алу шартының талаптарын орындауды қаржылық қамтамасыз ету сомасының 70% (жетпіс пайыз) мөлшерінде:

белгіленген қуаты 499 МВт-қа дейінгі болатын күн электр станциялары үшін – 24 (жиырма төрт) ай ішінде;

белгіленген қуаты 499 МВт-тан жоғары болатын күн электр станциялары үшін – 36 (отыз алты) ай ішінде;

белгіленген қуаты 499 МВт-қа дейінгі жел станциялары үшін – 36 (отыз алты) ай ішінде;

белгіленген қуаты 499 МВт-тан жоғары болатын жел станциялары үшін – 48 (қырық сегіз) ай ішінде;

биогаз электр станциялары үшін – 36 (отыз алты) ай ішінде;

гидроэлектр станциялар үшін – 60 (алпыс) ай ішінде;

3) осы Қағидалардың 36-тармағы 2) тармақшасының екінші бөлігінде көзделген мерзімді сатып алу шартының талаптарын орындауды қаржылық қамтамасыз ету сомасының 100%-ы (жүз пайыз) мөлшерінде, ал осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес сатып алу шартының талаптарын орындауды қаржылық қамтамасыз етудің бір бөлігі ұсталған кезде - сатып алу шартының талаптарын орындауды қаржылық қамтамасыз ету сомасының 70%-ын (жетпіс пайыз);

4) Субъектінің бастамасы бойынша сатып алу шарты осы Қағидалардың 36-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген мерзімнен бұрын бұзылған кезде.

Ескерту. 34-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 30.09.2025 № 367-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Осы Қағидалардың 37-тармағында көзделген осы Қағидалардың 34-тармағында көзделген сатып алу шартының талаптарын орындауды қаржылық қамтамасыз етуді ұстап қалу тәртібі осы Қағидалардың 37-тармағында көрсетілген мерзімдерді ұзартуды ескере отырып жүзеге асырылады.

36. Сатып алу шартына қол қойылғаннан кейін Субъект электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асыратын мемлекеттік органға жіберілген сатып алу шарты жасалатын ЖЭК-ті пайдалану объектісінің құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы хабарламаның көшірмесі – күн электр станциялары үшін сатып алу шартына қол қойылған күннен бастап 12 (он екі) ай ішінде, жел және биогаз электр станциялары үшін сатып алу шартына қол қойылған күннен бастап 18 (он сегіз) ай ішінде, гидроэлектр станциялары үшін сатып алу шартына қол қойылған күннен бастап 24 (жиырма төрт) ай;

2) Сәулет қызметі туралы заңның 11-тарауында айқындалған тәртіппен бекітілген, ЖЭК пайдалану объектісін пайдалануға қабылдау актісінің көшірмесін сатып алу шартына қол қойылған күнінен бастап мынадай мерзімдерде:

белгіленген қуаты 499 МВт-қа дейінгі күн электр станциялары үшін – 24 (жиырма төрт) ай ішінде;

белгіленген қуаты 499 МВт-тан жоғары болатын күн электр станциялары үшін – 36 (отыз алты) ай ішінде;

белгіленген қуаты 499 МВт-қа дейінгі жел станциялары үшін – 36 (отыз алты) ай ішінде;

белгіленген қуаты 499 МВт-тан жоғары болатын жел станциялары үшін – 48 (қырық сегіз) ай ішінде;

биогаз электр станциялары үшін – 36 (отыз алты) ай ішінде;

гидроэлектр станциялар үшін – 60 (алпыс) ай ішінде.

Бұл ретте осы тармақшаның бірінші бөлігінде көзделген мерзім өткен кезде техникалық қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті ұйымнан (адамнан) ЖЭК пайдалану жөніндегі объектіні салу бойынша жұмыстардың жалпы көлемінің кемінде 70%-ы (жетпіс пайыз) көлемінде ЖЭК пайдалану объектісі бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарының орындалғаны туралы растау ұсынылатын болады, көрсетілген мерзімдер күнтізбелік 1 (бір) жылға ұзартылады;

3) оған қатысты сатып алу шарты жасалатын ЖЭК-ті пайдалану объектісі үшін энергия беруші ұйым мен Субъект арасында қол қойылған тараптардың теңгерімдік тиесілігін шектеу және пайдалану жауапкершілігі актісінің көшірмесі – тараптардың теңгерімдік тиесілігін шектеу және пайдалану жауапкершілігі актісіне қол қойылған күннен бастап және ЖЭК-ті пайдалану объектісін кешенді сынау басталғанға дейін 10 (он) жұмыс күні ішінде;

4) энергия беруші ұйым мен оған қатысты сатып алу шарты жасалатын ЖЭК-ті пайдалану объектісі үшін өтініш беруші арасында қол қойылған ЖЭК-ті пайдалану объектісінде коммерциялық және техникалық есепке алу аспаптарын орналастыру схемасын қамтитын электр энергиясын коммерциялық есепке алу схемасын қабылдау актісінің көшірмесін – электр энергиясын коммерциялық есепке алу схемасын қабылдау актісіне қол қойылған күннен бастап және ЖЭК-ті пайдалану объектісін кешенді сынау басталғанға дейін 10 (он) жұмыс күні ішінде;

5) сатып алу шарты талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз етуді – оған қол қойған күнінен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде, ал осы Қағидалардың 28-1-тармағында көзделген жағдайда – оған қол қойылған күнінен бастап бір жыл ішінде;

5-1) барлау жұмыстарын жүргізуге қаржылық қамтамасыз етуді – осы Қағидалардың 28-1-тармағында көзделген жағдайда сатып алу шартына қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде;

6) кешенді сынақ жүргізілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ЖЭК-ті пайдалану объектісінің электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесін пайдалануға беру туралы актінің көшірмесі;

7) ЖЭК-ті пайдалану объектісін салуға алынған шетел валютасындағы кредиттік міндеттемелердің болуы туралы ақпаратты – жыл сайын бірінші қазанға қарай ұсынады

Ескерту. 36-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 23.09.2024 № 335 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.09.2025 № 367-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

37. Осы Қағидалардың 36-тармағы 2) тармақшасының бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға жіберілген "Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 13) тармақшасына сәйкес еңсерілмейтін күш мән-жайларын куәландыратын растауды қоса бере отырып, Субъектінің өтінішіне сәйкес (еркін нысанда) күнтізбелік 1 (бір) жылдан аспайтын мерзімге ұзартылады, бірақ сатып алу шартының талаптарын орындауды қаржылық қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі ұзартылған жағдайда, ЖЭК пайдалану объектісін пайдалануға қабылдау актісінің көшірмесін беру мерзімінен кешіктірмей. Мерзімді ұзарту осы Қағидалардың 38-тармағының қолданылуын ескере отырып, сатып алу шартына қосымша келісіммен ресімделеді.

38. Осы Қағидалардың 36-тармағы 2) тармақшасының бірінші бөлігінде көзделген мерзім ұзартылған кезде, сатып алудың жиырма жылдық мерзімін есептеу осы Қағидалардың 36-тармағы 2) тармақшасының екінші бөлігіне және (немесе) 37-тармағына сәйкес ұзартуды есепке алмай, осы Қағидалардың 36-тармағы 2) тармақшасының бірінші бөлігінде көзделген құжаттарды ұсыну мерзімі өткен күннен кейінгі күннен басталады.

39. Сатып алу шарты мынадай жағдайларда:

1) осы Қағидалардың 36-тармағының 2) тармақшасына сәйкес ЖЭК пайдалану жөніндегі объектіні пайдалануға қабылдау актісінің көшірмесін ұсыну мерзімі бұзылған кезде;

2) осы Қағидалардың 36-тармағының 5) тармақшасына сәйкес сатып алу шарты талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз етуді ұсынбаған кезде өз қолданысын тоқтатады.

40. Сатып алу шарты және тиісті аукциондық баға, осы Қағидалардың 38-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, сатып алу шартына сәйкес ЖЭК объектісі өндірген электр энергиясын сатып алу басталған күннен бастап 20 (жиырма) жыл өткен соң өз қолданысын тоқтатады.

41. Сатып алу шарты бойынша "Астана" халықаралық қаржы орталығы туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңына сәйкес Тараптардың даулары төмендегі шарттармен "Астана" халықаралық қаржы орталығының Халықаралық төрелік орталығында қаралуы мүмкін:

1) төрелік – "Астана" халықаралық қаржы орталығының Халықаралық төрелік орталығы;

2) төрелік регламент – өтініш берушінің таңдауы бойынша;

3) төрелік талқылаудың тілі – өтініш берушінің таңдауы бойынша;

4) қолданылатын құқық – Қазақстан Республикасының материалдық құқығы;

5) төрелік құрамы – 3 (үш төреші);

6) төрелік талқылауды өткізу орны – Астана қаласы.

Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы Төрелік келісім жасау алдында "Төрелік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 8-бабының 10-тармағына сәйкес саланың уәкілетті органына осындай келісімді жасасуға келісім алу үшін сұраумен жүгінеді. Уәкілетті органның оң қорытындысы кезінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төрелік келісім жасалады.

3-тарау. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілерінен алынған электр энергиясын аукциондық бағалар бойынша орталықтандырылған сатып алу тәртібі

42. Осы тарауға сәйкес сатып алу шартын жасасқан ҚЭКЖ Субъектісіне және электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға осы Қағидалардың 2-тарауының 24, 25, 26, 27-тармақтарының ережелері қолданылады.

43. Аукциондық сауда-саттықтың жеңімпазы деп танылған ҚЭКЖ Субъектісі өзі және оның қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектісін салу жөніндегі тиісті жобасы аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарының тізіліміне енгізілген күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күн ішінде мынадай құжаттарды қоса бере отырып, электр энергиясының бірыңғай сатып алушысымен сатып алу шартын жасасуға өтінім береді:

1) құрылтай құжаттары;

2) тұлғаның сатып алу шартына қол қоюға өкілеттігін растайтын құжат;

3) электр энергиясын берудің жоспарланған көлемі туралы ақпарат;

4) өткен аукциондық сауда-саттықтың қорытындылары туралы жазбаша хабарламаның көшірмесі.

44. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы Өтінімді және ұсынылған құжаттарды оларды алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды. ҚЭКЖ Субъектісі осы Қағидалардың 43-тармағында көзделген құжаттарды толық көлемде ұсынбаған кезде, электр энергиясын бірыңғай сатып алушы олар келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қайтару себептерін көрсете отырып, Өтінімді қайтарады.

ҚЭКЖ Субъектісі өтінімді қайтарған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Өтінімді және қоса берілген құжаттарды осы Қағидалардың және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келтіру мақсатында өтінімді жетіспейтін құжаттармен толықтырады және/немесе электр энергиясын бірыңғай сатып алушының ескертулерін жояды.

45. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы мынадай талаптарды орындаған кезде ҚЭКЖ Субъектісімен сатып алу шартын жасасады:

1) ҚЭКЖ Субъектісі осы Қағидалардың 43-тармағында көзделген құжаттарды ұсынған;

2) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объект және ҚЭКЖ Субъектісі аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарының тізіліміне енгізілген;

3) электр энергиясын бірыңғай сатып алушы немесе қаржы-есеп айырысу орталығы мен ҚЭКЖ Субъектісі арасында өтінімде көрсетілген қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектіде өндірілген электр энергиясын сатып алудың қолданыстағы шарты болмаған.

46. Жаңадан енгізілетін энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектіде бұрын пайдалануда болған генерациялайтын қондырғылардың қалдықтары қолданылған кезде, тиісті ақпарат Сәулет қызметі туралы заңның 11-тарауында айқындалған тәртіппен бекітілген қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектіні пайдалануға қабылдау актісінде көрсетіледі.

47. Энергия өндіруші ұйымның сатып алу шарты талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз етуді ұсыну осы Қағидалардың 28, 29, 31, 32, 33-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады

48. Банктік кепілдік немесе резервтік аккредитив сатып алу шартына қол қойылған күннен бастап кемінде 61 (алпыс бір) ай қолданылу мерзімімен оларды толық немесе алушының (бенефициардың) нұсқауы бойынша бөліп-бөліп орындау мүмкіндігін көздейтін қайтарып алынбайтын болып ұсынылады.

49. Сатып алу шарты талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз ету осы Қағидалардың 31-тармағында белгіленген тәртіппен мынадай жағдайларда:

1) сатып алу шартына қол қойылған күннен бастап 24 (жиырма төрт) ай өткеннен кейін 6 (алты) ай ішінде мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асыратын мемлекеттік органға жіберілген, өзіне қатысты қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектінің құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы хабарламаның көшірмесі ұсынылмаған кезде - сатып алу шартының талаптарын орындауды қаржылық қамтамасыз ету сомасының 30%-ы (отыз пайыз) мөлшерінде;

2) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектіні қабылдау актісінің көшірмесі ұсынылмаған кезде, Сәулет қызметі туралы заңның 11-тарауына сәйкес айқындалған тәртіппен бекітілген сатып алу шарты жасалатын адамға қатысты - сатып алу шарты талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз ету сомасының

100%-ы (жүз пайыз) мөлшерінде, ал осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес сатып алу шартының талаптарын орындауды қаржылық қамтамасыз етудің бір бөлігі ұсталған кезде - сатып алу шартына қол қойылған күннен бастап 60 (алпыс) ай ішінде сатып алу шартының талаптарын орындауды қаржылық қамтамасыз ету сомасының 70%-ын (жетпіс пайыз) құрайды;

3) ҚЭКЖ субъектісінің бастамасы бойынша осы Қағидалардың 50-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген мерзімнен бұрын сатып алу шарты бұзылған кезде жүзеге асырылады.

Ескерту. 49-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 29.11.2024 № 433 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

50. Сатып алу шартына қол қойылғаннан кейін ҚЭКЖ Субъектісі электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға мынадай құжаттарды:

1) өзіне қатысты мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асыратын мемлекеттік органға жіберілген сатып алу шарты жасалатын қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектінің құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы хабарламаның көшірмесі - қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері үшін сатып алу шартына қол қойылған күннен бастап 24 (жиырма төрт) ай ішінде;

2) өзіне қатысты сатып алу шарты жасалатын Сәулет қызметі туралы заңның 11-тарауында айқындалған тәртіппен бекітілген қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектіні пайдалануға қабылдау актісінің көшірмесін - қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері үшін сатып алу шартына қол қойылған күннен бастап 60 (алпыс) ай ішінде;

3) сатып алу шарты жасалатын қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объект үшін энергия беруші ұйым мен ҚЭКЖ Субъектісі арасында қол қойылған тараптардың баланстық тиесілігін және пайдалану жауапкершілігін ажырату актісінің көшірмесі - тараптардың теңгерімдік тиесілігі мен пайдалану жауапкершілігін шектеу актісіне қол қойылған күннен бастап және қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектінің кешенді сынақтары басталғанға дейін 10 (он) жұмыс күні ішінде;

4) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектісі үшін электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесін пайдалануға беру туралы актінің көшірмесі - кешенді сынақ жүргізілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ;

5) сатып алу шарты жасалатын энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объект үшін энергия беруші ұйым мен ҚЭКЖ Субъектісі арасында қол қойылған қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектіде коммерциялық және техникалық есепке алу аспаптарын орналастыру схемасын қамтитын электр энергиясын

коммерциялық есепке алу схемасын қабылдау актісінің көшірмесі – электр энергиясын коммерциялық есепке алу схемасын қабылдау актісіне қол қойылған күннен бастап және қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектіге кешенді сынақтар басталғанға дейін 10 (он) жұмыс күні ішінде;

6) оған қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде сатып алу шарты талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз ету;

7) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектінің электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесін пайдалануға беру туралы актінің көшірмесі - кешенді сынақ жүргізілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынады.

51. Сатып алу шарты мынадай жағдайларда:

1) осы Қағидалардың 50-тармағының 2) тармақшасына сәйкес қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектіні пайдалануға қабылдау актісінің көшірмесін ұсыну мерзімі бұзылған кезде;

2) осы Қағидалардың 50-тармағының 6) тармақшасына сәйкес сатып алу шартының талаптарын орындауды қаржылық қамтамасыз етуді ұсынбаған кезде.

52. Сатып алу шарты және тиісті аукциондық баға қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектісі сатып алу шартына сәйкес өндірген электр энергиясын сатып алу басталған күннен бастап 15 (он бес) жыл өткен соң өз қолданысын тоқтатады.

4-тарау. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының өнеркәсіптік кешендерге және тікелей тұтынушыларға электр энергиясын орталықтандырылған сату тәртібі

53. Өнеркәсіптік кешендер, тікелей тұтынушылар:

1) жыл сайын 1 қазанға дейін электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 118 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10662 болып тіркелген) бекітілген Жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған Тарифті айқындау қағидаларына қосымшаға сәйкес нысан бойынша алдағы жылға арналған электр энергиясын өндірудің, желіге жіберудің болжамды көлемі, тұтыну көлемі туралы ақпаратты жібереді;

2) күн сайын теңгерімдеуші нарық жүйесіне "Электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және жұмыс істеу қағидалары туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 106 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10531 болып тіркелген) (бұдан әрі – Көтерме сауда нарығы қағидалары) сәйкес алдағы операциялық тәулікке электр энергиясын сатып алуға және сатуға өтінім енгізеді.

Ескерту. 53-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 23.09.2024 № 335 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

54. Өнеркәсіптік кешеннің құрамына кіретін энергия өндіруші ұйымдар өндіретін электр энергиясы көлемінің жоспарлы мәндері және тұлғалар тобына кіретін тұтынушыларға электр энергиясын желіге жіберу көлемдері Көтерме сауда нарығы қағидаларына сәйкес айқындалады.

55. Тікелей тұтынушыларға, өнеркәсіптік кешендерге тиесілі ЖЭК пайдалануды қолдауға арналған шығындар оның меншік құқығындағы генерациялайтын қондырғылар есебінен жабылатын немесе осы электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісімен бір тұлғалар тобына кіретін энергия өндіруші ұйымдар жабатын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісінің электр энергиясын тұтынушының жоспарлы көлемінің тиісті үлесі ретінде айқындалады республиканың жоспарлы тұтынушының жалпы көлемінде жүзеге асырылады.

56. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы Ереженің 15-тармағының 369) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен сату шартының үлгілік нысанына сәйкес электр энергиясын тікелей тұтынушыларға және өнеркәсіптік кешендерге сату шартын жасайды.

Шартта немесе өнеркәсіптік кешендердің немесе тұлғалар тобының құрамындағы меншік, жалға алу құқығында өзге де заттық құқығында бар электр станциялары (олардың атауы, типі және генерациялайтын жабдықтың жиынтық белгіленген қуаты көрсетіле отырып) көрсетіледі.

Ескерту. 56-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 22.07.2024 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

57. Сату шартына электр энергиясын бірыңғай сатып алушының бірінші басшысы немесе сатып алу шартына қол қоюға уәкілетті өзге тұлға екі данада қол қояды және тікелей тұтынушыға немесе өнеркәсіптік кешенге жіберіледі.

58. Тікелей тұтынушының немесе өнеркәсіп кешенінің бірінші басшысы немесе оның атынан сатып алу шартына қол қоюға уәкілетті өзге тұлға электр энергиясын бірыңғай сатып алушы дайындаған сату шартына оны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде екі данада қол қояды.

59. Тікелей тұтынушы, өнеркәсіптік кешен электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға қол қойылған сату шартының бір данасын оны алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жібереді.

60. Тікелей тұтынушы, өнеркәсіптік кешен электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға Көтерме сауда нарығы қағидаларына және жасалған сату шартына сәйкес жеткізілген электр энергиясы үшін ақы төлейді.

61. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы және тікелей тұтынушы, өнеркәсіптік кешен жылына кемінде бір рет өзара есеп айырысуларды салыстырып тексеруді жүргізеді.

62. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы ЖЭК пайдалануды қолдауға арналған шығындарды тікелей тұтынушыларға және өнеркәсіптік кешендерге олардың электр энергиясын тұтыну аймағын ескере отырып мынадай формула бойынша бөледі:

$$W_{\text{ЖЭК},i}^{\text{ТТ,ӨК}} = \frac{W_{\text{КТМЕ},i}^{\text{ТТ,ӨК}}}{\sum_{i=1}^r (W_{\text{ШТ,ГТ},i}^{\text{ЭКНС}}) + \sum_{i=1}^m (W_{\text{КТМЕ},i}^{\text{ЭКНС}})} * (\sum_{i=1}^1 (W_{\text{ЖЭК},i}^{\text{БС}}) - \sum_{i=1}^e W_{\text{ЖЭК},i}^{\text{ЖАС}})) + \frac{W_{\text{КТМЕ},i}^{\text{ТТ,ӨК}}}{\sum_{i=1}^r (W_{\text{ШТ,ГТ},i}^{\text{ЭКНС}}) + \sum_{i=1}^m (W_{\text{КТМЕ},i}^{\text{ЭКНС}}) - \sum_{i=1}^p (W_{\text{КТМЕ},i}^{\text{БТ,ГТ}})} * \sum_{i=1}^k (W_{\text{БТ,ГТ ЖЭК},i}^{\text{іріктеу}});$$

$$W_{\text{ЖЭК},i}^{\text{ТТ,ӨК}}$$

– тікелей тұтынушылар мен өнеркәсіптік кешендер үшін ЖЭК электр энергиясын бөлудің жоспарлы көлемі (электр энергиясын сатып алудың ең аз рұқсат етілген сағаттық көлемі);

$$W_{\text{КТМЕ},i}^{\text{ТТ,ӨК}}$$

– меншік құқығындағы генерациялайтын қондырғылар есебінен немесе осы субъектімен электр энергиясының көтерме сауда нарығында бір тұлғалар тобына кіретін энергия өндіруші ұйымдар есебінен жабылатын тікелей тұтынушылардың және өнеркәсіптік кешендердің электр энергиясын тұтынудың жоспарлы көлемі.

$$W_{\text{ШТ,ГТ},i}^{\text{ЭКНС}}$$

– меншік құқығындағы генерациялайтын қондырғылар есебінен немесе осы субъектімен электр энергиясының көтерме сауда нарығында бір тұлғалар тобына және (немесе) бір гибриді топқа кіретін энергия өндіруші ұйымдар есебінен жабылатын тікелей тұтынушылардың және өнеркәсіптік кешендердің электр энергиясын тұтынудың жоспарлы көлемі;

$$W_{\text{КТМЕ},i}^{\text{ЭКНС}}$$

– цифрлық майнерлерді, жасыл энергияны тұтынушыларды және шартты тұтынушыларды қоспағанда, электр энергиясын бірыңғай электр энергиясын сатып алушыдан сатып алған, электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісінің ең төменгі рұқсат етілген сағаттық сатып алу көлемінің мәніне тең, Көтерме сауда нарығының қағидаларына сәйкес айқындалатын, жүйелік оператор бекіткен (түзетулерді ескере отырып) электр энергиясын өндірудің-тұтынудың тиісті тәуліктік графигіне енгізілген, электр энергиясын тұтынудың жоспарлы көлемі.

$$W_{\text{ЖЭК},i}^{\text{БС}}$$

– электр энергиясын бірыңғай сатып алушы сатып алған ЖЭК электр энергиясының жоспарлы көлемі;

$$W_{\text{КТМЕ},i}^{\text{БТ,ГТ}}$$

– осы басым тұтынушымен бір тұлғалар тобына кіретін энергия өндіруші ұйымдар жабатын басым тұтынушының және гибриді топтың тұтынушысы осы гибриді топтың әкімшісімен бір гибриді топқа кіретін энергия өндіруші ұйымдар жабатын электр энергиясын тұтынудың жоспарлы көлемі;

$$W_{\text{БТ,ГТ ЖЭК},i}$$

– басым тұтынушыдан және немесе гибриді топ әкімшісіне ЖЭК электр энергиясының жоспарлы көлемі;

$$W_{\text{ЖЭК},i}^{\text{БТ,ГТ}}$$

– басым тұтынушы мен гибриді топтың әкімшісі үшін ЖЭК электр энергиясын бөлудің жоспарлы көлемі;

$$W_{\text{БТ,ГТ ЖЭК},i}^{\text{іріктеу}}$$

– басым тұтынушыдан және немесе гибриді топтың әкімшісінен ЖЭК электр энергиясын есептеудің жоспарлы көлемі мына мәндердің ең азы ретінде айқындалады;

$$W_{\text{БТ,ГТ ЖЭК},i} \text{ и } W_{\text{ЖЭК},i}^{\text{БТ,ГТ}} ;$$

$$W_{\text{ЖЭК},i}^{\text{жасыл}}$$

– электр энергиясын бірыңғай сатып алушы жасыл энергия тұтынушыларына сатқан ЖЭК электр энергиясының жоспарлы көлемі.

i – сәйкесінше 1-ден k , l , m -ге, тиісінше, r -ге дейін өзгертін реттік нөмір;

r – жоспарлы тұтыну көлемін меншік құқығындағы генерациялық қондырғылар есебінен немесе электр энергиясының көтерме сауда нарығында осы субъектілерімен бірге бір тұлғалар тобына және (немесе) бір гибриді топқа кіретін энергия өндіруші ұйымдар жабатын гибриді топтардың шартты тұтынушыларының және (немесе) әкімшілерінің саны;

m – тәуліктің осы сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алған цифрлық майнерлер мен жасыл энергияны тұтынушыларды қоспағанда, электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің саны;

1 – есеп айырысу-қаржы орталығымен және бірыңғай сатып алушымен жасалған ЖЭК пайдалануды қолдау туралы заңнамаға сәйкес электр энергиясын сатып алу-сатудың ұзақ мерзімді шарты бар, ЖЭК (қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату) пайдаланатын және есепті кезең (күнтізбелік ай) тәулігінің осы сағатында электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға сатқан энергия өндіруші ұйымдардың саны ;

ө – есепті кезең (күнтізбелік ай) тәулігінің осы сағатында электр энергиясын электр энергетикасы туралы заңнамаға сәйкес бірыңғай сатып алушыдан сатып алған жасыл энергия тұтынушылар саны;

к – басым тұтынушыдан және (немесе) гибриді топ әкімшісінен ЖЭК электр энергиясын есептеудің жоспарлы көлемінің саны;

р – жоспарлы тұтыну көлемі меншік құқығындағы генерациялайтын қондырғылар есебінен немесе электр энергиясының көтерме сауда нарығында осы субъектілерімен бірге бір тұлғалар тобына және (немесе) бір гибриді топқа кіретін энергия өндіруші ұйымдар есебінен жабылатын гибриді топ әкімшілерінің және (немесе) басым тұтынушылардың саны.

Ескерту. 62-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 29.11.2024 № 433 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-тарау. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының басым тұтынушыларға және гибриді топтардың әкімшісіне ЖЭК пайдалануды қолдауға арналған шығындардың үлестерін қайта есептеу және қайта бөлу тәртібі

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 29.11.2024 № 433 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

63. Басым тұтынушы сату шартын жасасу үшін ЖЭК пайдалану объектісінің және (немесе) қайталама энергетикалық ресурстарды пайдалану объектісінің электр қондырғыларына кешенді сынақ жүргізу басталатын күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға мынадай құжаттарды:

1) басым тұтынушының мүдделерін білдіретін уәкілетті заңды тұлғаның құрылтай құжаттары (бұдан әрі - БТ өкілі);

2) заңды тұлғаның басым тұтынушының мүдделерін білдіру құқығын растайтын құжат;

3) басым тұтынушы пайдалануға берген ЖЭК пайдалану жөніндегі объектіге және (немесе) қайталама энергетикалық ресурстарды пайдалану жөніндегі объектіге құқық белгілейтін құжаттардың көшірмелері;

4) басым тұтынушының ЖЭК пайдалану объектілері және (немесе) басым тұтынушының пайдалануға берілген қайталама энергетикалық ресурстарды пайдалану

объектілері бөлінісінде, сондай-ақ ағымдағы жылдың соңына дейін электр энергиясын өндіру үшін қазбалы отынды пайдаланатын олардың құрамына кіретін энергия өндіруші ұйымдар электр энергиясын желіге беруді жоспарлайтын көлемдер туралы ақпаратты;

5) Заңның 6-бабының 5) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекітетін ЖЭК пайдалану жөніндегі объектілерді орналастыру жоспарына басым тұтынушыны енгізу туралы уәкілетті орган хабарламасының көшірмесін береді.

64. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы Ереженің 15-тармағының 369) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен сату шарттарының үлгілік нысанына сәйкес электр энергиясын басым тұтынушыларға электр энергиясын бірыңғай сатып алушының сату шартын жасасады.

Ескерту. 64-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 22.07.2024 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

65. Сату шартына электр энергиясын бірыңғай сатып алушының бірінші басшысы немесе сату шартына қол қоюға уәкілетті өзге тұлға екі данада қол қояды және басым тұтынушыдан құжаттардың толық топтамасын алғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде қол қоюға БТ өкіліне жіберіледі.

Бірінші басшы немесе БТ өкілінің өзге де уәкілетті тұлғасы сату шартына екі данада қол қояды және қол қойылған электр энергиясын сату шартының бір данасын оны алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде бірыңғай сатып алушыға жібереді.

66. Сату шарты ЖЭК пайдалану жөніндегі объектінің және (немесе) басымбасым тұтынушының пайдалануға берілген және ЖЭК пайдалану жөніндегі объектілерді орналастыру жоспарына енгізілген қайталама энергетикалық ресурстарды пайдалану жөніндегі объектінің электр қондырғыларына кешенді сынақ жүргізу басталған күннен бастап күшіне енеді, бұл ретте электр энергиясын бірыңғай сатып алушы мен тікелей тұтынушы арасында жасалған қолданыстағы сату шарты өзінің қолданысын көрсетілген күні тоқтатады.

67. Сату шартына қол қойылғаннан кейін БТ өкілі электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға мынадай құжаттарды:

1) осы актіге қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде БТ пайдалануға берілген және Сәулет қызметі туралы заңда белгіленген тәртіппен бекітілген ЖЭК пайдалану жөніндегі объектіні және (немесе) қайталама энергетикалық ресурстарды пайдалану жөніндегі объектіні пайдалануға қабылдау актісінің көшірмесі;

2) осы актіге қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде энергия беруші ұйым мен ЖЭК пайдаланатын энергия өндіруші ұйым және (немесе) басым

тұтынушының пайдалануға берілген қайталама энергетикалық ресурстарды пайдаланатын энергия өндіруші ұйым арасында қол қойылған тараптардың баланстық тиесілігін және пайдалану жауапкершілігін ажырату актісінің көшірмесін;

3) оған қатысты Шарт жасалған ЖЭК пайдалану объектілері үшін энергия беруші ұйым мен Сатушы арасында қол қойылған, ЖЭК пайдалану бойынша объектілердегі коммерциялық және техникалық есепке алу аспаптарын орналастыру схемасын қамтитын, электр энергиясын коммерциялық есепке алу схемасын қабылдау актісінің көшірмесін - электр энергиясын коммерциялық есепке алу схемасын қабылдау актісіне қол қойған күннен бастап және ЖЭК пайдалану объектілерін кешенді сынаудан өткізу басталғанға дейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаржы-есеп айырысу орталығына ұсынуға.

4) электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері болып табылатын ЖЭК пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардан электр энергиясын сатып алу шарттарының көшірмелерін (олар болған кезде) ұсынады.

68. Басым тұтынушы ЖЭК пайдалану жөніндегі объектіні және (немесе) қайталама энергетикалық ресурстарды пайдалану жөніндегі объектіні пайдалануға енгізгенге дейін өзінің ЖЭК пайдалану жөніндегі объектісінде және (немесе) қайталама энергетикалық ресурстарды пайдалану жөніндегі объектіде электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесі арқылы деректер өңірлік диспетчерлік орталықтарға беріледі.

69. Басым тұтынушы жыл сайын 1 қазанға дейін электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға өзінің құрамына кіретін ЖЭК пайдалану жөніндегі объектілерден және (немесе) басым тұтынушы пайдалануға берген қайталама энергетикалық ресурстарды пайдалану жөніндегі объектілерден, сондай-ақ олардың құрамына кіретін, электр энергиясын өндіру үшін қазбалы отынды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардан алдағы жылға энергия беруші ұйымдарға және өз тобының тұтынушыларына электр энергиясын өндірудің, желіге босатудың, жеткізудің болжамды көлемдері туралы ақпаратты жібереді.

70. ЖЭК пайдалану объектілері және (немесе) басым тұтынушы пайдалануға берген қайталама энергетикалық ресурстарды пайдалану объектілері өндірген электр энергиясы көлемінің жоспарлы мәндері және электр энергиясын өндіру үшін қазбалы отынды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың басым тұтынушының құрамына кіретін электр энергиясын желіге берудің жоспарлы көлемдері Көтерме сауда нарығы қағидаларына сәйкес айқындалады.

71. Басым тұтынушының құрамына кіретін тұтынушы электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға Көтерме сауда нарығы қағидаларына сәйкес басым тұтынушы тәуліктің осы сағатына сатып алған электр энергиясының тиісті жоспарлы көлемі үшін ақы төлейді.

72. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы ЖЭК пайдалануды қолдауға арналған шығындарды басым тұтынушыға және гибриді топтың әкімшісіне мынадай формула бойынша бөледі:

$$W_{\text{ЖЭК},i}^{\text{БТ,ГТ}} = \frac{W_{\text{КТМЕ},i}^{\text{БТ,ГТ}}}{\sum_{l=1}^r (W_{\text{УП,ГТ},l}^{\text{ЭКНС}}) + \sum_{l=1}^m (W_{\text{ОПТ},l}^{\text{ЭКНС}})} * (\sum_{l=1}^1 (W_{\text{ЖЭК},l}^{\text{БС}}) - \sum_{l=1}^0 (W_{\text{ЖЭК},l}^{\text{ЖАС}}));$$

$$W_{\text{ЖЭК},i}^{\text{БТ,ГТ}'} = \frac{W_{\text{КТМЕ},i}^{\text{БТ,ГТ}}}{\sum_{l=1}^r (W_{\text{ШТ,ГТ},l}^{\text{ЭКНС}}) + \sum_{l=1}^m (W_{\text{КТМЕ},l}^{\text{ЭКНС}})} * (\sum_{l=1}^1 (W_{\text{ЖЭК},l}^{\text{БС}}) - \sum_{l=1}^0 (W_{\text{ЖЭК},l}^{\text{ЖАС}})) - W_{\text{БТ,ГТ ЖЭК},i}^{\text{Іріктеу}};$$

$$W_{\text{ЖЭК},i}^{\text{БТ,ГТ}}$$

– басым тұтынушы мен гибриді топтың әкімшісі үшін ЖЭК электр энергиясын бөлудің жоспарлы көлемі;

$$W_{\text{БТ,ГТ ЖЭК},i}$$

– ЖЭК пайдалану жөніндегі объектіден және (немесе) КТ пайдалануға берілген қайталама энергетикалық ресурстарды пайдалану жөніндегі объектіден электр энергиясының жоспарлы көлемі немесе гибриді топ әкімшісінің ЖЭК пайдалану жөніндегі объектіден электр энергиясының жоспарлы көлемі;

$$W_{\text{ЖЭК},i}^{\text{БТ,ГТ}'}$$

– басым тұтынушыдан ЖЭК жоспарлы көлемін шегергенде басым тұтынушы үшін ЖЭК электр энергиясын бөлудің жоспарлы көлемі немесе) гибриді топ әкімшісінен ЖЭК жоспарлы көлемін шегергенде гибриді топ әкімшісі үшін ЖЭК электр энергиясын бөлудің жоспарлы көлемі (электр энергиясын сатып алудың ең аз рұқсат етілген сағаттық көлемі);

$$W_{\text{КТМЕ},i}^{\text{БТ,ГТ}}$$

– осы басым тұтынушымен бір тұлғалар тобына кіретін немесе гибриді топтың тұтынушысы осы гибриді топтың әкімшісімен бір гибриді топқа кіретін энергия өндіруші ұйымдар жабатын басым тұтынушының электр энергиясын тұтынуыдың жоспарлы көлемі;

$$W_{\text{ШТ,ГТ},l}^{\text{ЭКНС}}$$

– меншік құқығындағы генерациялайтын қондырғылар есебінен немесе осы субъектімен электр энергиясының көтерме сауда нарығында бір тұлғалар тобына және

бір гибриді топқа кіретін көтерме сауда нарығы субъектісінің электр энергиясын тұтынудың жоспарлы көлемі;

$$W_{\text{ктме},i}^{\text{ЭКНС}}$$

– Көтерме сауда нарығының қағидаларына сәйкес айқындалатын, жүйелік оператор бекіткен (түзетулерді ескере отырып) электр энергиясын өндірудің-тұтынудың тиісті тәуліктік графигіне енгізілген, цифрлық майнерлерді, жасыл энергияны тұтынушыларды және шартты тұтынушыларды қоспағанда, электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алғандардың ең төменгі рұқсат етілген сағаттық сатып алу көлемінің мәніне тең электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісінің электр энергиясын тұтынудың жоспарланған көлемі;

$$W_{\text{жэк},i}^{\text{БС}}$$

– электр энергиясын бірыңғай сатып алушы сатып алған ЖЭК электр энергиясының жоспарлы көлемі;

$$W_{\text{жэк},i}^{\text{жас}}$$

– бірыңғай сатып алушы электр энергиясын жасыл энергияны тұтынушыларға сатқан ЖЭК электр энергиясының жоспарлы көлемі;

$$W_{\text{БТ,ГТ жэк},i}^{\text{іріктеу}}$$

– басым тұтынушыдан және (немесе) гибриді топтың әкімшісінен ЖЭК электр энергиясын есепке алудың жоспарлы көлемі мына мәндердің ең кішісі ретінде анықталады:

$$W_{\text{БТ,ГТ жэк},i}^{\text{БТ,ГТ}} \text{ и } W_{\text{жэк},i}^{\text{БТ,ГТ}} ;$$

i – 1-ден k , l , m -ге, тиісінше, $г$ -ге дейін өзгертін реттік нөмір;

$г$ – жоспарлы тұтыну көлемін меншік құқығындағы генерациялық қондырғылар есебінен немесе электр энергиясының көтерме сауда нарығында осы субъектілерімен бірге бір тұлғалар тобына және (немесе) бір гибриді топқа кіретін энергия өндіруші ұйымдар жабатын, гибриді топтардың шартты тұтынушылары мен және әкімшілерінің саны;

m – тәуліктің осы сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алған цифрлық майнерлер мен жасыл энергияны тұтынушыларды қоспағанда, электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің саны;

l – есеп айырысу-қаржы орталығымен және бірыңғай сатып алушымен жасалған ЖЭК пайдалануды қолдау туралы заңнамаға сәйкес электр энергиясын сатып

алу-сатудың ұзақ мерзімді шарты бар, ЖЭК (қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату) пайдаланатын және есепті кезең (күнтізбелік ай) тәулігінің осы сағатында электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға сатқан энергия өндіруші ұйымдардың саны ;

ө – есепті кезең (күнтізбелік ай) тәулігінің осы сағатыда электр энергиясын электр энергетикасы туралы заңнамаға сәйкес бірыңғай сатып алушыдан сатып алған жасыл энергия тұтынушылар саны.

Ескерту. 72-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 29.11.2024 № 433 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

72-1. Басым тұтынушының өкілі 1 қазанға дейінгі мерзімде электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға осы Қағидалардың 72-тармағына сәйкес электр энергиясын бірыңғай сатып алушы есептеген алдағы жылға ЖЭК пайдалануды қолдауға арналған шығындарды осы басым тұтынушының құрамына кіретін тұлғалар арасында пайыздық басымарақатынаста бөлу (бүтінге дейін дөңгелектенеді) туралы өтініш береді.

Басым тұтынушы ЖЭК не қайталама энергетикалық ресурстарды пайдаланатын жаңа объектілерді пайдалануға енгізген кезде осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген өтінішті басым тұтынушы жаңа объект пайдалануға берілгенге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей береді.

Егер басым тұтынушының өкілі осы тармақтың бірінші және (немесе) екінші бөлігінде көрсетілген өтініш бермесе, электр энергиясын бірыңғай сатып алушы осындай басым тұтынушының құрамына кіретін тұлғалар арасында ЖЭК пайдалануды қолдауға арналған шығындарды олардың электр энергиясын жоспарлы тұтыну үлесіне барабар бөледі.

Ескерту. 5-тарау 72-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 29.11.2024 № 433 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6-тарау. Қаржы-есеп айырысу орталығының жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілер өндірген электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу тәртібі

73. Сатып алу шартына қол қойылғаннан кейін Субъект қаржы-есеп айырысу орталығына мынадай құжаттарды жібереді:

1) оған қатысты сатып алу шарты жасалатын ЖЭК пайдалану жөніндегі объектіні салу құрастыру жұмыстары басталғаны туралы мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асыратын мемлекеттік органға жіберілген хабарламаның көшірмесі – сатып алу шартына қол қойылған күннен бастап 18 (он сегіз) ай ішінде;

2) оған қатысты сатып алу шарты жасалатын ЖЭК пайдалану жөніндегі жаңа объектіні пайдалануға қабылдау туралы мемлекеттік қабылдау комиссиясы актісінің көшірмесі – сатып алу шартына қол қойылған күннен бастап 36 (отыз алты) ай ішінде.

Бұл ретте, осы тармақшаның бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім егер ол аяқталғанға дейін Сәулет қызметі туралы заңға сәйкес техникалық қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті ұйымнан (адамнан) ЖЭК пайдалану объектісін салу жөніндегі жұмыстардың жалпы көлемінің кемінде 70% (жетпіс пайыз) көлемінде ЖЭК пайдалану объектісі бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарының орындалғаны туралы растау ұсынылған жағдайда күнтізбелік 1 (бір) жылға ұзартылады;

3) оған қатысты сатып алу шарты жасалатын ЖЭК пайдалану жөніндегі объекті үшін энергия беруші ұйым мен Субъект арасында қол қойылған тараптардың теңгерімдік тиесілілігі мен пайдаланудағы жауапкершілігінің аражігін ажырату актісінің көшірмесі – тараптардың теңгерімдік тиесілілігі мен пайдаланудағы жауапкершілігінің аражігін ажырату актісіне қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде және ЖЭК пайдалану жөніндегі объектіні кешенді сынау басталғанға дейін;

4) оған қатысты сатып алу шарты жасалатын ЖЭК пайдалану жөніндегі объекті үшін энергия беруші ұйым мен Субъект арасында қол қойылған электр энергиясын коммерциялық есепке алу схемасын қабылдап алу актісінің көшірмесі – электр энергиясын коммерциялық есепке алу схемасын қабылдап алу актісіне қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде және ЖЭК пайдалану жөніндегі объектіні кешенді сынау басталғанға дейін;

5) ЖЭК-ті пайдалану объектісіндегі объектінің электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесін пайдалануға беру туралы актінің көшірмесін – кешенді сынақ жүргізілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде.

74. Осы Қағидалардың 73-тармағы 2) тармақшасының бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім "Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 14-бабының 13) тармақшасына сәйкес еңсерілмейтін күштің мән-жайларын куәландыратын растауды қоса бере отырып, Субъектінің электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға жіберген өтінішіне (еркін нысандағы) сәйкес күнтізбелік 1 (бір) жылдан аспайтын мерзімге, бірақ ЖЭК пайдалану объектісін пайдалануға қабылдау актісінің көшірмесін ұсыну мерзімінен кешіктірілмей ұзартылады. Мерзімді ұзарту осы Қағидалардың 75-тармағының қолданылуын ескере отырып, шартқа қосымша келісіммен ресімделеді.

75. Осы Қағидалардың 73-тармағы 2) тармақшасының бірінші бөлігінде көзделген мерзім ұзартылған жағдайда, сатып алудың он бес жылдық мерзімін есептеу осы Қағидалардың 73-тармағы 2) тармақшасының екінші бөлігіне және (немесе) 74-тармағына сәйкес ұзартуды есепке алмай, осы Қағидалардың 73-тармағы 2) тармақшасының бірінші бөлігінде көзделген құжаттарды ұсыну мерзімі өткен күннен кейінгі күннен басталады.

76. Осы Қағидалардың 73-тармағының 1), 2) тармақшаларында көзделген мерзімдердің қандай да бірі күнтізбелік 6 (алты) айдан артық мерзімге бұзылған жағдайда, сатып алу шарты өзінің қолданысын тоқтатады.

77. Осы Қағидалардың 75-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, сатып алу шартына сәйкес ЖЭК пайдалану объектісі өндірген электр энергиясын сатып алу басталған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) жыл өткен соң сатып алу шарты мен тиісті тіркелген тариф өз қолданысын тоқтатады.

7-тарау. Қаржы-есеп айырысу орталығының техникалық-экономикалық негіздемесі бар жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерінде өндірілген электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу тәртібі

78. Сатып алу шарты және техникалық-экономикалық негіздемедегі тиісті тариф техникалық-экономикалық негіздемеде ЖЭК пайдалану объектісі үшін белгіленген өзін өзі ақтаудың қалған мерзімі аяқталған соң өз қолданысын тоқтатады.

8-тарау. Қаржы-есеп айырысу орталығының жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерінен электр энергиясын аукциондық бағалар бойынша орталықтандырылған сатып алу тәртібі

79. Осы тарауға сәйкес аукциондық бағалар бойынша жасалған сатып алу шартына осы Қағидалардың 2-тарауының 28-тармағының екінші-төртінші бөлігінің, 29, 32, 33, 34, 35, 41- тармақтарының ережелері қолданылады.

80. Сатып алу шарты талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз етуді Субъекті сатып алу шартына қол қойған соң күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде қаржы-есеп айырысу орталығына Беру қағидаларына сәйкес ресімделген банк кепілдігін немесе SWIFT жүйесі бойынша шығарылған резервтік аккредитивті беру арқылы ұсынады.

81. Банктік кепілдік немесе резервтік аккредитив қаржы-есеп айырысу орталығы мына төмендегі құжаттарды ұсынған жағдайда банк тарапынан орындалады:

1) электр энергиясын бірыңғай сатып алушының уәкілетті тұлғасы қол қойған және электр энергиясын бірыңғай сатып алушының мөрімен (бар болса) куәландырылған, қағазда орындалған борышкердің міндеттемелерін орындамауы туралы өтініш;

2) сатып алу шартына сәйкес ұстап қалу сомасы көрсетілген төлем жасау туралы талап.

82. Сатып алу шартына қол қойылғаннан кейін Субъект қаржы-есеп айырысу орталығына мынадай құжаттарды ұсынады:

1) мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асыратын мемлекеттік органға жіберілген сатып алу шарты жасалатын ЖЭК-ті пайдалану объектісінің құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы хабарламаның көшірмесі – күн электр станциялары үшін сатып алу шартына қол қойылған күннен бастап 12 (он екі) ай

ішінде, жел және биогаз электр станциялары үшін сатып алу шартына қол қойылған күннен бастап 18 (он сегіз) ай ішінде, гидроэлектр станциялары үшін сатып алу шартына қол қойылған күннен бастап 24 (жиырма төрт) ай;

2) Сәулет қызметі туралы заңның 11-тарауында айқындалған тәртіппен бекітілген, ЖЭК пайдалану объектісін пайдалануға қабылдау актісінің көшірмесін сатып алу шартына қол қойылған күнінен бастап мынадай мерзімдерде:

белгіленген қуаты 499 МВт-қа дейінгі күн электр станциялары үшін – 24 (жиырма төрт) ай ішінде;

белгіленген қуаты 499 МВт-тан жоғары болатын күн электр станциялары үшін – 36 (отыз алты) ай ішінде;

белгіленген қуаты 499 МВт-қа дейінгі жел станциялары үшін – 36 (отыз алты) ай ішінде;

белгіленген қуаты 499 МВт-тан жоғары болатын жел станциялары үшін – 48 (қырық сегіз) ай ішінде;

биогаз электр станциялары үшін – 36 (отыз алты) ай ішінде;

гидроэлектр станциялар үшін – 60 (алпыс) ай ішінде.

Бұл ретте осы тармақшаның бірінші бөлігінде көзделген мерзім өткенге дейін Сәулет қызметі туралы заңға сәйкес техникалық қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті ұйымнан (адамнан) ЖЭК пайдалану жөніндегі объектіні салу жөніндегі жұмыстардың жалпы көлемінің кемінде 70%-ы көлемінде ЖЭК пайдалану объектісі бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарының орындалғаны туралы растау ұсынылатын болады, көрсетілген мерзімдер күнтізбелік 1 (бір) жылға ұзартылады;

3) оған қатысты сатып алу шарты жасалатын ЖЭК-ті пайдалану объектісі үшін энергия беруші ұйым мен өтініш беруші арасында қол қойылған тараптардың теңгерімдік тиесілігін шектеу және пайдалану жауапкершілігі актісінің көшірмесі – тараптардың теңгерімдік тиесілігін шектеу және пайдалану жауапкершілігі актісіне қол қойылған күннен бастап және ЖЭК-ті пайдалану объектісін кешенді сынау басталғанға дейін 10 (он) жұмыс күні ішінде.

Белгіленген қуатының көлемі 499 МВт-тан асатын ЖЭК-ті пайдалану бойынша объектілер салу жобаларының аукциондық сауда-саттық жеңімпаздары электр энергиясын жинақтау жүйелері үшін энергия беруші ұйымдар мен ЖЭК-ті пайдалану бойынша объектілер салу жобаларының аукциондық сауда-саттық жеңімпаздары арасында жасалған тараптардың теңгерімдік тиесілігін шектеу және пайдалану жауапкершілігі актілерінің көшірмелерін ұсынады;

4) энергия беруші ұйым мен оған қатысты сатып алу шарты жасалатын ЖЭК-ті пайдалану объектісі үшін өтініш беруші арасында қол қойылған ЖЭК-ті пайдалану объектісінде коммерциялық және техникалық есепке алу аспаптарын орналастыру схемасын қамтитын электр энергиясын коммерциялық есепке алу схемасын қабылдау актісінің көшірмесін – электр энергиясын коммерциялық есепке алу схемасын

қабылдау актісіне қол қойылған күннен бастап және ЖЭК-ті пайдалану объектісін кешенді сынау басталғанға дейін 10 (он) жұмыс күні ішінде.

Белгіленген қуат көлемі 499 МВт-тан асатын ЖЭК-ті пайдалану бойынша объектілер салу жобалары бойынша аукциондық сауда-саттық жеңімпаздары электр энергиясын жинақтау жүйелері үшін коммерциялық және техникалық есепке алу құралдарын орналастыру схемаларын қамтитын электр энергиясын коммерциялық есепке алу схемаларының қабылдау актілерінің көшірмелерін ұсынады;

5) сатып алу шартына қол қойған күнінен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде оның талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз етуді;

6) кешенді сынақ жүргізілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ЖЭК-ті пайдалану объектісінің электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесін пайдалануға беру туралы актінің көшірмесін.

Белгіленген қуат көлемі 499 МВт-тан асатын ЖЭК-ті пайдалану бойынша объектілер салу жобаларының аукциондық сауда-саттық жеңімпаздары электр энергиясын жинақтау жүйелерінің коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйелерін пайдалануға беру актілерінің көшірмелерін ұсынады;

7) ЖЭК-ті пайдалану объектісін салуға алынған шетел валютасындағы кредиттік міндеттемелердің болуы туралы ақпаратты – жыл сайын бірінші қазанға қарай ұсынады

Ескерту. 82-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 28.03.2025 № 141-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.09.2025 № 367-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

83. Осы Қағидалардың 82-тармағы 2) тармақшасының бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім "Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 14-бабының 13) тармақшасына сәйкес еңсерілмейтін күштің мән-жайларын куәландыратын растауды қоса бере отырып, Субъектінің электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға жіберген өтінішіне (еркін нысандағы) сәйкес күнтізбелік 1 (бір) жылдан аспайтын мерзімге, бірақ ЖЭК пайдалану объектісін пайдалануға қабылдау актісінің көшірмесін ұсыну мерзімінен кешіктірілмей ұзартылады. Мерзімді ұзарту осы Қағидалардың 84-тармағының қолданылуын ескере отырып, шартқа қосымша келісіммен ресімделеді.

83-1. Алып тасталды - ҚР Энергетика министрінің 29.11.2024 № 433 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

84. Осы Қағидалардың 82-тармағы 2) тармақшасының бірінші бөлігінде көзделген мерзім ұзартылған жағдайда сатып алу мерзімін есептеу осы Қағидалардың 82-тармағы

2) тармақшасының екінші бөлігіне, 83-тармағына сәйкес ұзартуды есепке алмай, осы Қағидалардың 82-тармағы 2) тармақшасының бірінші бөлігінде көзделген құжаттарды ұсыну мерзімі өткен күннен кейінгі күннен басталады.

Ескерту. 84-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 29.11.2024 № 433 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

85. Сатып алу шарты мынадай жағдайларда:

1) осы Қағидалардың 82-тармағының 2) тармақшасына сәйкес ЖЭК пайдалану жөніндегі объектіні пайдалануға қабылдау актісінің көшірмесін ұсыну мерзімі бұзылған кезде;

2) осы Қағидалардың 82-тармағының 5) тармақшасына сәйкес шарт талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз етуді ұсынбаған кезде өз қолданысын тоқтатады.

86. Сатып алу шарты және тиісті аукциондық баға, осы Қағидалардың 84-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, сатып алу шартына сәйкес ЖЭК пайдалану объектісінен электр энергиясын сатып алу басталған күннен бастап өз қолданысын тоқтатады.

9-тарау. Қаржы-есеп айырысу орталығының қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектілерден электр энергиясын аукциондық бағалар бойынша орталықтандырылған сатып алу тәртібі

87. Осы тарауға сәйкес қаржы-есеп айырысу орталығымен сатып алу шартын жасасқан ҚЭКЖ Субъектісіне осы Қағидалардың 31-тармағының ережелері қолданылады.

88. Жаңадан енгізілетін энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектіде бұрын пайдалануда болған генерациялайтын қондырғылардың қалдықтары қолданылған кезде, тиісті ақпарат Сәулет қызметі туралы заңның 11-тарауында айқындалған тәртіппен бекітілген қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектіні пайдалануға қабылдау актісінде көрсетіледі.

89. Банктік кепілдік немесе резервтік аккредитив сатып алу шартына қол қойылған күннен бастап кемінде 61 (алпыс бір) ай қолданылу мерзімімен оларды толық немесе алушының (бенефициардың) нұсқауы бойынша бөліп-бөліп орындау мүмкіндігін көздейтін қайтарып алынбайтын болып ұсынылады.

90. Сатып алу шартының талаптарын орындауды қаржылық қамтамасыз ету осы Қағидалардың 31-тармағымен белгіленген тәртіпте мынадай жағдайларда ұсталып қалады:

1) сатып алу шартына қол қойылған күннен бастап 24 (жиырма төрт) ай өткеннен кейін 6 (алты) ай ішінде мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асыратын мемлекеттік органға жіберілген сатып алу шарты жасалатын қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектісінің құрылыс-монтаждау жұмыстарының

басталғаны туралы хабарламаның көшірмесін ұсынбаған кезде – сатып алу шарты талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз ету сомасының 30%-ы (отыз пайыз) мөлшерінде;

2) оған қатысты сатып алу шарты жасалатын Сәулет қызметі туралы заңның 11-тарауына сәйкес айқындалған тәртіппен бекітілген қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектіні қабылдау актісінің көшірмесін ұсынбаған кезде-сатып алу шарты талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз ету сомасының 100%-ы (жүз пайыз) мөлшерінде, ал осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес сатып алу шарты талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз ету бөлігі ұстап қалған кезде, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі – сатып алу шартына қол қойылған күннен бастап 60 (алпыс) ай ішінде сатып алу шарты талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз ету сомасының 70%-ы (жетпіс пайыз).

91. Сатып алу шартына қол қойылғаннан кейін ҚЭКЖ Субъектісі қаржы-есеп айырысу орталығына мынадай құжаттарды жібереді:

1) Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектілер үшін сатып алу шартына қол қойылған күннен бастап 24 (жиырма төрт) ай ішінде мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асыратын мемлекеттік органға жіберілген, оған қатысты сатып алу шарты жасалатын, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектінің құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы хабарламаның көшірмесі;

2) Сәулет қызметі туралы заңның 11-тарауында айқындалған тәртіппен бекітілген, оған қатысты сатып алу шарты жасалатын қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектіні пайдалануға қабылдау актісінің көшірмесін – қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектілер үшін сатып алу шартына қол қойылған күннен бастап 60 (алпыс) ай ішінде;

3) оған қатысты сатып алу шарты жасалатын, энергия беруші ұйым мен қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйым арасында қол қойылған тараптардың теңгерімдік тиесілігін және пайдалану жауапкершілігін ажырату актісінің көшірмесі – тараптардың теңгерімдік тиесілігін ажырату актісіне қол қойылған күннен бастап және қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектісін кешенді сынау басталғанға дейін 10 (он) жұмыс күні ішінде;

4) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объект үшін электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесін пайдалануға беру туралы актінің көшірмесі – кешенді сынақ жүргізілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

5) энергия беруші ұйым мен қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектісі үшін қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйым арасында қол қойылған, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектіде коммерциялық және техникалық есепке алу аспаптарын орналастыру

схемасын қамтитын электр энергиясын коммерциялық есепке алу схемасын қабылдау актісінің көшірмесі – электр энергиясын коммерциялық есепке алу схемасын қабылдау актісіне қол қойылған күннен бастап және қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектісін кешенді сынау басталғанға дейін 10 (он) жұмыс күні ішінде;

6) сатып алу шарты талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз ету оған қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде;

7) ЖЭК-ті пайдалану объектісінің электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесін пайдалануға беру туралы актінің көшірмесі – кешенді сынақ жүргізілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынады.

92. Сатып алу шарты мынадай жағдайларда:

1) осы Қағидалардың 91-тармағының 2) тармақшасына сәйкес қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектіні пайдалануға қабылдау актісінің көшірмесін ұсыну мерзімі бұзылған кезде;

2) осы Қағидалардың 91-тармағының 6) тармақшасында көрсетілген сатып алу шарты талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз етуді ұсынбаған кезде өз қолданысын тоқтатады.

93. Сатып алу шарты және тиісті аукциондық баға сатып алу шартына сәйкес қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектісі өндірген электр энергиясын сатып алу басталған күннен бастап 15 (он бес) жыл өткен соң өз қолданысын тоқтатады.

Электр энергиясын бірыңғай
сатып алушының жаңартылатын
энергия көздерін пайдалану
объектілері, қалдықтарды
энергетикалық кәдеге жарату
объектілері өндірген
электр энергиясын
орталықтандырылған
сатып алу және сату
қағидаларына
1-қосымша
Нысан
Кімге

(заңды тұлғаның атауы)
кімнен

Бірыңғай сатып алушымен электр энергиясын сатып алу шартын жасауға арналған өтінім ____

(заңды тұлғаның атауы және мекенжайы)

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 23.09.2024 № 335 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

жаңартылатын энергия көздерін (бұдан әрі - ЖЭК) пайдалану объектісі өндірген электр энергиясын сатып алу-сату шартын жасауды сұрайды.

Заңды тұлғаның (бар болса оның филиалдарының, өкілдіктерінің) орналасқан жері:

Пошталық мекенжайы: _____

Телефон нөмірлері: _____

E-mail: _____

Факс: _____

ЖЭК пайдалану объектісінің атауы _____

Электр энергиясын өндіру үшін пайдаланылатын ЖЭК-тің түрі (қажеттісінің астын сызу керек):

жел электр станциялары;

күн энергиясын фотоэлектрлі түрлендіргіштер;

гидроэлектрстанциялары, биогаз қондырғылары.

ЖЭК объектісінің орналасқан жері _____

Пайдаланылатын ЖЭК-тің түрлері бойынша бөле отырып, ЖЭК объектісінің генерациялайтын жабдығының белгіленген жиынтық қуаты _____ МВт.

Жылдар бойынша бөле отырып, сатып алу шарты қолданылатын барлық мерзім ішінде ЖЭК объектісінде өндіру жоспарланған электр энергиясының болжамды көлемі _____ мың кВт/сағ.

ЖЭК объектісін іске қосу күні (іс жүзіндегі немесе жоспарланған)

_____.

ЖЭК пайдалану объектісінің белгіленген қуатын пайдаланудың болжамды коэффициенті _____.

Тұрмыстық қатты қалдықтар полигондарында бір жыл бойы барлау жұмыстарын жүргізу (биогаз қондырғылары үшін) _____.

Қоса берілетін құжаттар (парақтар санын көрсете отырып):

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____

Ұйым басшысы (лауазымы)

(қолы) (Т.А.Ә.)

Электр энергиясын бірыңғай

сатып алушының жаңартылатын
энергия көздерін пайдалану
объектілері, қалдықтарды
энергетикалық кәдеге жарату
объектілері өндірген
электр энергиясын
орталықтандырылған
сатып алу және сату
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

ТӨРЕЛІК КЕЛІСІМ

Астана қ.	20__ жылғы " __ " _____
-----------	-------------------------

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын _____ негізінде әрекет ететін _____
"Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы - есеп
айырысу орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бір тараптан және _____
негізінде әрекет ететін _____ екінші тараптан "Төрелік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 10-тармағына сәйкес
уәкілетті органның келісімімен _____ жылғы № _____ Төрелік келісімді
төмендегілер туралы жасасты:

1. Тараптар қаржы-есеп айырысу орталығының жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымнан аукциондық бағалар бойынша электр энергиясын сатып алу шарты бойынша Тараптар арасындағы құқықтық қатынастарға байланысты дауларды шешуді "Астана" халықаралық қаржы орталығының Халықаралық төрелік орталығының қарауына төмендегі шарттармен беру туралы уағдаласты:

1) төрелік – "Астана" халықаралық қаржы орталығының Халықаралық төрелік орталығы;

2) төрелік регламент – _____;

3) төрелік талқылау тілі – _____;

4) қолданылатын құқық – Қазақстан Республикасының материалдық құқығы;

5) төрелік құрамы – 3 (үш төреші);

6) төрелік талқылауды өткізу орны – Астана қаласы;

7) қолданыстағы заңнамада тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, "Астана" халықаралық қаржы орталығының Халықаралық төрелік орталығының шешімі түпкілікті және орындауға міндетті деп танылады.

2. Келісімге екі данада қол қойылды, Тараптардың әрқайсысына біреуден беріледі.

Тараптардың заңды мекенжайлары және қолтаңбалары:

